



- ЖАМБЫЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚАДАМДАРЫ
- АШЫҚ ЕСІК КҮНІ
- «МАССАЖИСТ» (МЕМЛЕКЕТТІК НЕГІЗІНДЕ) БІЛІКТІЛІГІ БОЙЫНША ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ҚӘСІПТІК ОҚУДЫҢ ІІІ-АҒЫМДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАНЫ
- АШЫҚ САБАҚТАР
- ТӘРБИЕ САҒАТЫ
- ЖАҒАНДЫҚ ҚОНФЕРЕНЦИЯ
- ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ
- ІС САПАР
- «НҮР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ТАРАЗ ҚАЛАЛЫҚ ФИЛИАЛЫ №10 «АЛАУ» БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ ЕСЕП БЕРУ САЙЛАУ ЖИНАЛЫСЫ
- КҮЗГІ КРОСС
- ТРЕНИНГ «ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАДАҒЫ ЖАНЖАЛ»
- КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ
- ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЮ РӘСІМІ
- ЕСКЕРТКІШТІҢ АШЫЛУЫ
- ҚЕЗДЕСУ
- НАРҚОПОСТ
- СЕМИНАР
- ҚҰТТЫҚТАУ
- ФЛЕШМОБ

ЖАМБЫЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚАДАМДАРЫ

17.10.2018 ж. «Жамбыл медициналық колледжінің цифрлық қадамдары» атты Мемлекеттік қызмет көрсетудің электрондық орталығының салтанатты ашылуы өткізілді. ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің бастамасымен Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінен қабылдап алған эстафета өткен кездесу соңында №13 Тараз теміржол колледжінің директорына табысталды. Колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова «Жамбыл медициналық колледжінің цифрлық қадамдары» тақырыбында ақпараттық шолуынан бастады. Цифрлық дамуды қалыптастырудың маңызды екенін ескере отырып, директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбекованың Смарт кабинеттерді таныстыруымен жалғасты. Атап айтқанда:

Анатомия пәнінен Ceol Panel және интерактивті парта көмегімен ақпараттандыру; Патологиялық анатомия және физиология пәнінен Smart Carr тақтасын тиімді пайдалану;

Анатомия және физиология пәндерінен 3D қалам арқылы ішкі мүшелердің құрылысын бейнелеу;

3D көзілдірігін пайдаланып, адам ағзасының қызметін бақылау;

3D принтерін пайдалану;

Колледж баспаханасымен таныстыру.

Сондай – ақ қонақтар колледждің білім сапасы және мониторинг пен виртуалды әдістемелік жұмыспен танысты. Студенттер кез – келген уақытта планшет, компьютер, телефон арқылы колледждің сайтына кіріп, электронды библиотека арқылы керекті тақырыбында дайындала алады, сайт бөліміне кіріп тест тапсырады, оны компьютер бағалайды. Бұл студенттің де, оқытушының да уақытысын үнемдеп, ашық бағалауына мүмкіндік береді. Мониторинг және білім сапасы кабинеті ІР камерасы арқылы бақылап отырады.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

01.11.2018 ж. Колледж базасында колледж директорлары, орынбасарлары арасында сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін кері әсерін талқылау мақсатында семинар кеңес өтті. Осыған орай, топ мүшелері семинар кеңеске облыс әкімдігінің білім басқармасының басшысы Р.Тұрмаханбетова, «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы ұлттық қозғалыс РҚБ облыстық филиалының директоры Қ.Төлендиев, ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының бас маманы Е.Е.Амирбеков, М.Ы.Нәліпбаев, Т.С.Жамалов, Ж.Е.Бекбатырова, А.Ж.Жайлышева қатысты. Семинар кеңес колледждің смарт кабинеттерді, музей, білім сапасы мен мониторинг және виртуалды әдістемелік жұмыстары, рухани жаңғыру орталықтарымен танысты.

мерейтойына арналған қала тұрғындары арасындағы күзгі кросс байқауына М.Қ Айнақұлов қатысып, Алғыс хат, сыйлықпен марапатталды.

Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» мекемесінің ұйымдастыруымен жоғарғы және арнаулы оқу орындарының жастар арасында «Күзгі кубок – 2018» атты кіші футбол турнирінде жүлделі І орынға иеленіп, Дипломмен марапатталды.



«Ең үздік волонтер – 2018» республикалық байқауында «Үздік салалық волонтерлар» номинациясымен Ж.А. Токташева «От сердце к сердцу» волонтерлік отряды Дипломмен марапатталды.



«Ең үздік волонтер – 2018» республикалық байқауына «От сердце к сердцу» волонтерлік отрядының қатысуына ықпал еткені үшін Жамбыл медициналық колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова Алғыс хатпен марапатталды.



ФЛЕШМОБ

14.10.2018 ж. «Амазонка» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен Жеңіс саябағында өткізілген Дүниежүзілік хоспис және паллиативтік көмекке арналған «Розовая лента» атты акциясына, колледждің 202, 207, 314 және 317-топ студенттері флешмобқа қатысты. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д. Уркимбаева



«Мемлекеттік қызмет-қоғамға және әрбір қазақстандыққа қызмет етудің ерекше түрі мен қызметі» тақырыбындағы Тараз мемлекеттік университетінің 60 жылдығына орай облыстық пікірсайыс ойындарына Жамбыл медициналық колледжінен 3 фракция қатысып, «Ерекше көзге түскен фракция» номинациясымен «Жарығым» фракциясы марапатталып, «Үздік спикер» номинациясымен 205 топ студенті Темірболат Назерке марапатқа ие болды.

2018 жылдың 21-25 қазан аралығында Алматы қаласында «Еріктілердің Республикалық слеті» өткізілді. Аталмыш шараға Қазақстанның 18 аймағынан 100-ден аса делегаттармен бірге Жамбыл медициналық колледжінен «Мейіргер ісі» бөлімі, 312 топ студенті



Серикова Салтанат қатысып, сертификатпен марапатталды. Сонымен қатар, Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Сарыбековаға ерікті студенттерді қатыстырғаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

30.10.2018 ж. Астана қаласының 20 жылдығына орай "Жастарды жеке өнеріне деген шығармашылықтарын арттыру" мақсатында өткізілген «Патриоттық әндер» байқауында 207 топ студенті Әскербек Мадина І дәрежелі дипломмен марапатталды. Осындай мәтінде байқауды ұйымдастыруға қосқан зор үлесі үшін Жамбыл медициналық колледжі директоры Сарыбекова Жамилә Нұрғалиқызы алғыс хатпен марапатталды. Осындай мәтінде байқауды ұйымдастыруға қосқан зор үлесі үшін жетекшісі Н. Р. Абдрахманова алғыс хатпен марапатталды.



20.10.2018 жылы Қала күні мерекесі мен Тараз инновациялық – гуманитарлық университетінің 10 жылдық

20.10.2018 жылы Қала күні мерекесі мен Тараз инновациялық – гуманитарлық университетінің 10 жылдық



Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі.

Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <http://mc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> https://www.instagram.com/zhmk_zhambyl.kz



«МАССАЖИСТ» (МЕМЛЕКЕТТІК НЕГІЗІНДЕ) БІЛІКТІЛІГІ БОЙЫНША ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ КӘСІПТІК ОҚУДЫҢ ІІІ- АҒЫМДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАНЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының негізінде 02.07.18. – 02.10.18. ж. «Массажист» (мемлекеттік негізінде) біліктілігі бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқудың ІІІ-ағымының бағдарламасы аяқталды. КМҚК Жамбыл медициналық колледжінің «Б» корпусында аймақтық симуляциялық орталықта 02.10.2018 жылы қысқа мерзімді «Массажист» (мемлекеттік негізінде) біліктілігі бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқудың ІІІ-ағымының мемлекеттік емтиханы өтті. Мемлекеттік емтиханның комиссия мүшелері:

КМҚК «Жамбыл медициналық колледжінің» директоры Ж. Н. Сарыбекова; Біліктілікті арттыру және қайта даярлау бөлім меңгерушісі Ф. Д. Турмысова. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «№5 Қалалық емханасы» ШЖҚ МКК дәрігер-физиотерапевті Ж. К. Шыныбаева; Жуалы аудандық «Халықты жұмыспен қамту орталығы» маманы Бидайбекова Балақыз; Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «№1 Қалалық балалар аурухана» массажисті М. А. Айтбекова.

«Массажист» (мемлекеттік негізінде) біліктілігі бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқудың ІІІ-ағымын 14 тыңдаушы аяқтап, «Массажист» біліктілігін алды.

АШЫҚ САБАҚТАР

18.10.2018ж. Дене шынықтыру пәнінің оқытушысы А.М. Надиров 205 топ «Мейірбике ісі» бөлімінде Ж ең і л а т л е т и к а : «Эстафеталық таяқшаларды беру және жүгіру әдісін үйретіп жетілдіру (4* 100 м)» тақырыбында ашық сабақ өтті.

26.10.2018 жылы Дене шынықтыру пәнінің оқытушысы С.А. Ахметов 202 топ «Мейірбике ісі» бөлімінде волейбол «Допты ойынға қосу тәсілдерін үйретіп жетілдіру (төменнен тік алға, жанынан)» тақырыбында ашық сабақ өтті.



ТӘРБИЕ САҒАТЫ

25.10.2018 ж. Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы Ж.Б. Бегалиев «П а т р и о т и ч е с к о е воспитание студенческой молодежи в современных условиях» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.



ЖАҒАНДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

25-26.10.2018 жыл аралығында Астана қаласында жағандық алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету бойынша «Алматы қаласынан бастап баршаны денсаулық сақтау қызметтерін қамту және тұрақты даму мақсаттары бойынша» конференцияға әлемнің 146 елінен медицина саласының басшылары мен білікті мамандары келді. Олардың қатарында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бас директоры Тедрос Адханом Гебрейесус, ЮНИСЕФ атқарушы директоры Генриетта Фор, ДДҰ Еуропа өңірлік бюросының директоры Жужанна Якаб қатысты. Сонымен қатар Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Сарыбекова, жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева және 404 топ студенті Н.Елубай қатысып, жақсы әсер алып қайтты.



ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

05.10.2018 жылы ҚБАЗ меңгерушісі Р. Усеновтың ұйымдастыруымен, колледж инспекторы, Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы «Қалта ұрлығы» тақырыбында І курс 104, 105 топ студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 50 студент қамтылды.

НАРҚОПОСТ



24.10.2018 ж. Жамбыл облыстық нарколог-дәрігер маманы А. А. Ниязалиева «Токсикомания. Наркотик деген не?» тақырыбында мәжіліс залда студенттерге дәріс оқып, баяндады.

СЕМИНАР

23.10.2018 ж. Жамбыл медициналық колледжінің «Рухани дамыту» орталығында «Қағаз және мақта пакеттерінің пайдасына полиэтилен пакеттерін пайдалануға тыйым салу», «Қалдықтарды бөлек жинау» тақырыбындағы семинар өткізілді. Аталған іс-шараға «Көмек. Демеу.КЗ» қоғамдық қорының вице-президенті, коучер Данияр Маратұлы Өмірбеков және Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігінің координаторы студенттермен еркін пікір алмасып, сұрақтарына жауап берді. Жауапты: жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Уркимбаева



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



«1 қазан қарттар күні» мерекесіне орай өткізілген жиында педагогика ғылымының кандидаты, Тараз қаласының құрметті азаматы, Жамбыл медициналық колледж ардагері, С. Қ. Қоңырова Ұлы Отан және Ауған соғысы ардагерлері кеңесінің шешімімен Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты» медалімен марапатталды.



19.10.2018 ж. Семей қаласының Д.Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғары медицина колледжі 90 жылдық мерей тойына арналған ШЖҚ КМК «Денсаулық сақтау жүйесіндегі техникалық және кәсіптік,



орта білімнен кейінгі білім беру мамандарының жана құзыреттіліктері мен рөлдерін енгізу» мемлекетаралық қатысуымен республикалық ғылыми – тәжірибелік конференцияға директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбекова қатысып, сертификатпен марапатталды. «Мейіргер ісі мамандарының дайындау жүйесінің дамуы» тақырыбында колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова мен «Мейіргер ісі» бөлім меңгерушісі Ж.Б. Мырзагулова мақала жазып, сертификатқа ие болды.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін Л.К. Батаева Құрмет грамотасымен марапатталды. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін А.Е. Исмаилова Алғыс хатпен марапатталды.



26.10.2018 ж. «Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» Кеңесінде Жамбыл медициналық колледж студенттері: Усупбекова Аяулым - 303 топ студенті, Серікова Салтанат - 312 топ студенті - республикалық кәсіподақ стипендия иегерлері және Сүйінбекұлы Кәрім - 313 топ студенті облыстық кәсіподақ стипендиясы иегері атанып, куәлікпен марапатталды.



Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» ЖҚБ, «Жаңа Ру» жастар коалициясы ЗТБ ұйымдастыруымен өткен

2018 жылдың 09 қазан күні сағат 12.00-де



кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамдағы қылмыстың алдын алу мақсатында «Құқық бұзушылықтың алдын алу

басты – міндет» тақырыбында ұл балалар жиналысы өтті. Жиналысты тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.К.Мейрманова ашып, 2018-2019 оқу жылындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған және атқарылып жатқан іс-шаралар барысы туралы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р.Б.Усенов баяндап өтті. «Жамбыл облысы бойынша жасөспірімдердің құқықтарын қорғау және жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу» тақырыбымен Жамбыл облысы ІД ЖПҚ ЮПБ бастығы, полиция полковнигі Қ. Ж. Қалжанов колледж студенттерін құқық бұзбаушылыққа шақырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жиналысқа қатысқан ата-аналар: Н. Сарсенова., Б. Бибекова., Д. Сағынбеков және Ш. Сағындықовалар кәмелетке толмаған жасөспірімдердің әрбір әрекеті үшін ата-аналар жауапты екендігін айтып өтті.

23.10.2018 жылы «Құқық бұзушылықтың алдын алу» айлығы аясында, 1 курс студенттері, ұлдардың құқық бұзушылыққа бой алдырмау, алдын алу және полиция қызметкерлерінің жұмыстарымен танысу мақсатында, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р.Б.Усеновтың ұйымдастыруымен Жамбыл облыстық ішкі істер



департаментінің мұражайына департамент бастығы, полиция полковнигі Оразалиев Арман Молдиярұлының рұқсатымен барып қайтты. Мұражай басшысы Зияутдинова Гульчехра Юсуповна колледж студенттеріне халық қаһарманы Ғ. Байтасовтың ерлігі туралы және тағы басқа көптеген мағлұматтар беріп, бейнеролик көрсетіп,

құқық бұзушылыққа жол бермеу, қылмыстың түбі жаза екендігін айтып, жеткіншектерді бұзақылық жасамауға шақырды.

ІС САПАР



21.10.2018 ж. Қызылорда медициналық жоғарғы колледжінің 90 жылдық мерей тойына арналған «Білімнің салтанатты мен бәсекелік қабілет – табысты болудың ең іргелі факторы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми – практикалық конференциясына колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова «Білім сапасын арттыру – басты ұстаным» тақырыбында баяндама оқып, «Емдеу ісі» бөлім меңгерушісі Ф.Қ. Жапарқұлова қатысты.

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ТАРАЗ ҚАЛАЛЫҚ ФИЛИАЛЫ
№10 «АЛАУ» БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМЫНЫҢ
ЕСЕП БЕРУ САЙЛАУ ЖИНАЛЫСЫ

16.10.2018 ж. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылдың 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын міндеттер туралы.



«Нұр Отан» партиясы Тараз қалалық филиалы «Алау» бастауыш партия ұйымының 2016 жылдың қарашасы мен 2018 жылдың қарашасы аралығында атқарған жұмыс туралы бойынша өткізілетін жиналыстарының кестесіне сәйкес Жамбыл медициналық колледжінің мәжіліс залында жиналыс өткізілді.

КҮЗГІ ҚРОСС



11.10.2018ж. «Жастар стадионында» колледждің І-ші курс студенттері арасында «Күзгі кросс» жеңіл атлетикалық жүгірістен жарыс өтті.

ТРЕНИНГ



24.10.2018 ж. колледжде «Әлеуметтік ортадағы жанжал» тақырыбында тренинг өтті. Тренингке шақырылған мамандар:

1. Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» психолог: П.А. Утеутлеуова
2. юрист А.М. Торпаева
3. врач-гинеколог М.Ж. Қалдыбай
4. әлеуметтік жұмысшы А.Д. Ақылбекова.

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ



К М Қ К « Ж а м б ы л медициналық колледжі» 2018-2019 оқу жылына арналған жастардың кәсіптік білім алуына кәсіби бағдар беру және түлектерді жұмысқа орналастыру комиссиясының жылдық жоспарына сәйкес, 1-2 курс студенттерінің кәсіптік өсу деңгейін арттыру, мамандықпен таныстыру және өзін-өзі дамытуға ынталандыру мақсатында «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында аталған жылдың 15.10.-19.10. күндері аралығында әлеуметтік серіктес базаларында экскурсия ұйымдастырылды.

Экскурсия бекітілген кестеге сәйкес әлеуметтік серіктес кәсіпорын базаларында өткізілді. Аталмыш іс-шараға колледждің 101, 111, 205, 217, 222, 223 топ студенттері белсене қатысты.

ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЮ РӘСІМІ



11.10.2018 ж. төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің дамуына өз өмірін арнаған біртуар азамат, қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған нар тұлғалы қаламгер, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаны еске алу күніне орай гүл шоқтарын қою рәсімі өткізілді.

ЕСКЕРТКІШТІҢ АШЫЛУЫ

27.10.2018 ж. «Қала күніне» орай «Тараз-менің сүйікті қалам!» атты мерекелік іс-шараға Жамбыл медициналық колледжі студенттері «Тыл ардагерлеріне» арналған ескерткіштің лента қию рәсіміне қатысты.



КЕЗДЕСУ

12.10.2018 ж. Жамбыл облыстық нарколог-дәрігер маманы А. А. Ниязалиева «Ішімдік – барлық проблемалардың бастауы» деген тақырыбында мәжіліс залда студенттерге дәріс оқып, баяндады. Мақсаты: Ішімдіктің ағзаға тигізетін кері әсерін және одан туындайтын ауру түрлерін айта отырып, зиянды әсерін ашу. Ішімдіктің зиянды жақтарын аша отырып, одан жиіркенуге, ішімдіктің – у екенін айтып, ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, жат қылықтан аулақ болуға тәрбиелеу.



12.10.2018 ж. «Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты қыздар жиналысы өтті. Жиналысқа арнайы мамандар шақырылды: ПБ ЖПҚ ЮПТ аға инспекторы полиция капитаны:

М.А. Юсупова, ПБ ЖПҚ ЮПТ полиция майоры: Ш.Ш. Юсупова, дәрігер нарколог: А.А. Ниязалиева, «Жастар ресурстық орталығы» аға инспектор, психолог: Г.Т. Карсабекова және «Елу жылда ел жаңа» қоғамдық бірлестігінің мүшесі: Ш.Б. Сүйімкүл және колледж қыздарының ата – аналары қатысты. Қыздарға арнайы жасалған жадынамалар таратылды.

15.10. 2018 ж. колледжде «Рухани жаңғыру» мақаласының аясында «Қазақстанның 100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы, «Орталық клиникалық аурухана» нейрохирургі, I санаттағы «Ең үздік жас дәрігер» атағының иегері, М. А. Саршаевпен студенттер арасында кездесу өтті. Кездесу барысында медицина саласында жеткен жетістіктерін, дәрігер бойында қандай қасиеттер болу керектігін айтып, студенттермен ой бөлісті.

